

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

*Г.Д. ГАЗИЗОВ¹ Қ.Р. КЕМЕНГЕР² 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: gibrat_01@mail.ru¹, kkemenger@mail.ru²)

***КЕҢЕС ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕ АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ КӨРКЕМ
БЕЙНЕСІ (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары
бойынша)**

Аңдатпа. Бұл мақалада кеңес дәуірі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармаларына қазіргі әдебиеттану ғылымы тұрғысынан қайта қарау жүзеге асырылады. Зерттеудің негізгі нысаны – аталған қаламгерлер туындыларында бейнеленген Алаш қозғалысы қайраткерлерінің көркемдік интерпретациясы мен идеялық-эстетикалық сипаты. Кеңестік идеология үстемдік еткен кезеңде жазылған шығармалардағы Алаш өкілдерінің бейнесі сол дәуірдің саяси талаптары мен цензуралық шектеулеріне тікелей байланысты қалыптасқаны айқындалады. Кеңестік дәуірде әдебиет қоғамның идеологиялық құралы ретінде қызмет атқарды. Сондықтан Алаш қозғалысының қайраткерлері — Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды тарихи тұлғалардың бейнесі кеңестік саяси талаптар мен цензуралық шектеулерге тәуелді түрде қалыптастырылды. Алаш қайраткерлерінің образ

ын жасауда авторлар көбіне тарихи шындықтан гөрі партиялық ұстанымды жетекші етті. Нәтижесінде кейіпкерлердің ішкі психологиясы, ұлттық мүдде жолындағы күресі, ағартушылық қызметі терең ашылмай, олардың әрекеті кеңестік идеология тұрғысынан түсіндірілді. Кейбір шығармаларда тарихи тұлғалардың атын тікелей атауға тыйым салынып, олардың прототиптік бейнелері астарлы түрде берілді. Бұл — цензуралық қысымның салдары. Авторлар кей жағдайда ишара, символ, тұспалдау арқылы тарихи шындықты жеткізуге тырысты. Мақалада авторлардың тарихи тұлғаларды суреттеудегі көркемдік әдіс-тәсілдері, образ жасау принциптері, сондай-ақ идеологиялық ұстаным мен көркем шындық арасындағы қайшылықтар жан-жақты талданады. Зерттеу барысында мәтінтанулық, салыстырмалы-типологиялық және тарихи-әдеби әдістер қолданылып, кеңес дәуірінде орныққан біржақты бағалауларды қайта пайымдау мақсаты көзделеді.

Түйін сөздер: Алаш қайраткерлері, ұлттық идея, социалистік реализм, тарихи шындық, көркем образ, таптық күрес.

Кіріспе. Кеңестік дәуірде көркем шығармадан туындайтын идея мемлекеттік идеологияға қызмет етуге тиісті саналды. Бұл жандай әдебиетте «тұрпайы социологизм» әдісінің қарқынды дамуына әкеп соқты. Академик С.Қирабаев аталған дәуір әдебиетіне мынадай баға берді: «Жеке шығармалар тақырыбына қарап мадақталды, ал кеңестік

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «BR28713085 – XX-XXI ғасырлардың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында әзірленді.

идеологияға сәйкес келмейтін туындылар өлтіре сыналды» [1, 131]. Алаш қайраткерлерінің көркем бейнесі шығармада біржақты бағаланды. Олардың есімі жазықсыз қараланды, ұлтқа қызмет еткен игі ісі бұрмаланып көрсетілді. Соның барлығы қоғамның тарихи шындыққа қарама-қайшы көзқарасын қалыптастырды. Кеңестік кезеңде өмір сүрген қаламгерлердің шығармашылығына бүгінгі заман тұрғысынан баға беру күрделі. Шығармаларға жазылған кезең көзімен қарағанымыз жеке субъективті пікірлерден арылтуға көмектеседі. Мысалы, бұл ретте С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі» мемуарлық романдарын сол кезең тұрғысынан сараласак, төмендегідей пікір қалыптастырамыз. Екі автор да большевиктік кеңестік биліктің болашағына сенді. Көзқарастары мен дүниетанымы өкіметтің бағытына сай қалыптасты. Қаламгерлер қоғамның «байшыл, ұлтшыл, буржуазияшыл» тап өкілдерімен «идеология майданында» күресті. Баспасөз бетінде осы мәселе төңірегінде батыл айтысқа барды. Большевиктік партияның шығарған шешімдері мен үкімдерін қолдап отырды. Себебі биліктің көзқарасы елді алға жетелейді деп сенді. Екі автор өз өмірінің маңызды кезеңдерін еске алып, ол жайында жазатын кезде қалыптасқан тұрақты тұжырымдарына қарсы келуі мүмкін бе еді деген сұраққа жауап іздесек, оның түйіні мынадай болады деп білеміз. «Социалистік реализм жазушысының эстетикалық мұраты осы коммунизм күнінен нұр алады» [2, 356] деген тұжырым берік орныққан қоғамда қаламгерлердің шығармасын өзге сипатта жаза алмауының сырын түсінеміз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасы – Азаматтық соғыс кезеңінде қазақ даласындағы аумалы-төкпелі революциялық оқиғалардың куәгерлік баяны. Шығармада автор өзін кеңестік идеяның белсенді насихатшысы, социалистік құрылыстың адал күрескері ретінде көрсетеді. Осы тұста сәкентанушы Т.Кәкішевтің пікірін ескереміз: «Сәкеннің басқа ұлтжанды, әсіресе алашордашылардан айырмашылығы сол, ол ұлтқа, қазаққа қызмет етуді тар аумақта, тек ұлттық тұрғыда қарамай, сол кездің өзінде-ақ ендеп келе жатқан идеологиясы - интернационализм рухында қарап, жіліктің майлы басын орынды жерінде қазаққа бұра берді, қазақты сыбағадан қақпады» [3, 187]. Бұл – Сәкеннің жеке таңдауынан бұрын, уақыттың талабы. Ол Алаш қозғалысы өкілдерімен идеялық жағынан келіспегенін ашық көрсетеді. Бірақ біз бүгінгі күні ол бағалаулардың саяси конъюнктура аясында жасалғанын түсіне отырып, олардың мазмұнын қайта қарауға тиіспіз. С.Сейфуллин – ең алдымен қазақ әдебиетінің модерндік негізін қалаған тұлға, ол қазақ әдеби тілі мен прозасының жаңа үлгісін қалыптастырған қаламгер.

С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романы – кеңестік шындық пен таптық күреске негізделген шығарма. Туынды кедейлердің мүддесін қорғаушы, большевиктік идеяның шынайы насихатшысы ретінде жазылған. С.Мұқанов Алаш зиялыларын сынға алып, оларды кеңестік билікке қарсы топ ретінде бейнеледі. Алайда бұл жерде бір маңызды жайтты да қаперде ұстаймыз. С.Мұқанов шығармасын жазғанда Кеңес үкіметінің сұсты саяси бақылауы мен цензурасы үстем еді. Яғни, қаламгердің идеологиялық «айыпталулары» көбіне замана қысымының, өмір сүру мен шығармашылықтың аман қалу тәсілінің жемісі болатын.

Енді біз қойған сауалдың жауабы мынадай деп есептейміз. Жазушылар өз тұжырымдарына қарсы келе алар ма еді? Бұл мүмкін емес еді деуге болады. Өйткені ол тұжырымдар – жай ғана жеке автор ұстанымы емес, сол кезеңдегі өмір сүрудің, шығармашылықпен айналысудың басты шарты болатын. Кеңестік идеологиямен келіспеу – шығармашылық тоқырау ғана емес, өмірмен қоштасудың да қаупі де еді. Бұл әсіресе 1930 жылдардағы қуғын-сүргін тұсында айқын байқалды. «1937–1938 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін және одан кейін жүргізілген Алаш қозғалысы қайраткерлерінің есімдерін қоғамдық-тарихи жадтан өшіруге бағытталған идеологиялық шаралар Қазақстан тарихнамасын ұзақ уақыт бойы осы тарихи тұлғаларсыз қалдырды» [4, 5].

Демек, біз С.Сейфуллин мен С.Мұқановты бүгінгі тәуелсіз көзқараспен бағалай отырып, олардың кеңестік жүйеде өмір сүргенін, сол жүйенің құрбаны да, жыршысы да

болғанын ескеруіміз керек. Олар уақыттың идеологиялық талабына сай әрекет етті, бірақ сонымен бірге ұлттық әдебиетті дамытуға да үлес қосты. Қоғам мен адам арасындағы бұл күрделі байланыс – бүгінгі оқырман мен зерттеуші үшін маңызды сабақ. Сондықтан бұл авторларды тек идеологиялық шеңбермен шектеу – олардың шығармашылық мұрасын толық бағаламауға әкеледі. Ал тарихи әділеттілік өткенді кешіріп, оны түсініп, дұрыс бағалау арқылы орнайды.

Талқылау мен бақылау. Бүгінгі кезең тұрғысында бізді қызықтыратын мәселе мынада. Жоғарыда аталған авторлардың мемуарларын қазіргі оқырман оқыса, қандай пікірге келеді. Алаш қайраткерлерінің бұрмаланған тарихи образын көріп, олардан күдер үзуі әбден мүмкін. «Тар жол, тайғақ кешуді» алғаш рет оқыған кездегі әсер санаға сіңіп кетуі ғажап емес. Немесе керісінше, осыны жазған С.Сейфуллинді айыптауға ұмтылыс пайда болу қаупі бар. Әлеуметтік желіде қазіргі кезде С.Сейфуллин мен С.Мұқановты айыптаушылар көбейгені соның мысалы.

Сөз жоқ, «Тар жол, тайғақ кешу» – қайшылықты туынды. Бір жағынан, кеңестік дәуірдің ұранына айналса да, екінші жағынан, автордың психологиялық жай-күйі мен басынан кешкен қилы кезеңдерді көз алдымызға әкеледі. Сәкен туралы қандай да бір туынды жазылса, алдымен, «Тар жол, тайғақ кешуден» мәлімет іздеуге мәжбүрлік туындайды. Автор шығарманың «Беташарында» былай дейді: «Мұнда, талай кісілердің аты аталды. Тарихи қозғалыстың көрген, білген оқиғаларын жазған соң, әрине, кісілердің аттары кірмеске болмайды. Мақсұт біреуді көтеру, біреуді жамандау емес...» [5, 5]. Яғни, қаламгер осы тұстан-ақ біреуді қаралауды мақсат тұтпағанын ескертеді. С.Сейфуллиннің бұл ескертуі – қаламгердің тарихи әділеттілікке ұмтылғанының бір көрінісі. Ол «Тар жол, тайғақ кешуде» суреттелетін тұлғаларды идеологиялық тұрғыдан бағалағанымен, өзінің көрген-білгенін, куә болғанын көркем шындық арқылы жеткізуге тырысты. Бұл туынды – тек кеңестік идеяны насихаттаушы саяси естелік емес, сонымен қатар, Сәкеннің жан күйзелісінің, тарихи толғанысының, өмір мен өлім арпалысының көрінісі. Шығарманың астарында – Азаматтық соғыстың трагедиясы, жеке адамның рухани арпалысы, шынайы тарихи оқиғалар мен тұлғалар бейнесі жатыр. Сәкен шығармасын жазғанда, біреуді әдейі жамандауды, не артық мадақтауды мақсат етпегенін ашық айтады. Бұл – оның авторлық адалдығын дәлелдейтін тұс. Дегенмен, ол өмір сүрген заман шындығы мен саяси тапсырыстар, цензура, қоғамдық қысым қаламгердің шығармашылық еркіндігіне айтарлықтай шектеу қойды. Осы жағдай оның субъективті баға беруіне, Алаш қайраткерлерін теріс жағынан сипаттауға итермеледі. Осы тұста сәкентанушылардың мына пікірін ескереміз: «Тар жол, тайғақ кешудің» бірінші басылымында (1927) жазушы Әлихан Бөкейханұлын құрметтеген материалдарды толық келтіруі Сәкен Сейфуллиннің азаматтық көзқарасының Әлихан Бөкейханұлына пәлендей теріс болмағандығын аңғартады» [6, 181]. Демек, алаш қайраткерлерін теріс көзқараста насихаттау – Сәкеннің өз таңдауы емес, заман талабының салдары.

Соған қарамастан, «Тар жол, тайғақ кешудің» құндылығы – ол кезеңнің тынысын, қоғамдық толқулар мен саяси өзгерістерді, жеке тұлғалардың өмір жолын көз алдымызға әкеле алуында. Біз бұл туындыдан Сәкеннің ғана емес, сол дәуірдің жүздеген, мыңдаған адамдарының тағдырын көре аламыз. Оның «мақсат біреуді жамандау емес» деуі – қаламгердің шындықты өзінше сақтау амалы, тарихи тұлғаларға баға берудегі ішкі арпалысының көрінісі.

Бүгінгі күннің көзімен қарасақ, бұл туындыны толық идеологиялық шығарма деп біржақты бағалау әділетсіз болар еді. Қайта оны саяси жүйе шеңберінде өмір сүрген азаматтың шындықты шектеулі жағдайда жеткізуге жасаған талпынысы ретінде қабылдаған жөн. Сәкеннің бұл кітабынан тек тарихи фактілер ғана емес, адам жанын шарпыған алапат дәуірдің рухы мен қайшылығы сезіледі.

Осы орайда, «Тар жол, тайғақ кешу» – С.Сейфуллиннің өмірлік әрі шығармашылық тағдырымен қатар, қазақ зиялыларының кеңестік жүйедегі күрделі орнын тануға бағытталған құнды дереккөз, әдеби әрі тарихи құбылыс ретінде бағалануы тиіс.

1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің алғашқы кезеңі ұлттық интеллигенция өкілдері – Алашқозғалысының жетекшілерін жаппай қудалауға ұшыратып, олардың тарихи тағдырына орны толмас зардап әкелді. Бұл репрессиялық науқан Қазақстандағы ұлттық мемлекеттік идеясының дамуына елеулі тосқауыл болып, зиялы қауымның қалыптасу үдерісін күрт тежеді. Репрессиялық саясат аясында Алаш қозғалысының қайраткерлері негізсіз айыпталып, олар «халық жауы» деген жалған саяси айыппен жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Кеңестік идеологияның қатаң қыспағында көркем әдебиетте де алаш арыстарының тарихи бейнесі әдейі бұрмаланып, олардың ұлт руханияты мен мемлекеттік сананың қалыптасуына қосқан өлшеусіз үлесі ескерусіз қалдырылды. Сол кезеңде жазылған әдеби туындыларда ұлттық саяси элита өкілдері жиі жағымсыз сипатта бейнеленіп, олардың күресі мен мұраты теріс интерпретацияға ұшырады. Бұл әдеби-мәдени саясат қоғам санасын бақылау мен тарихи жадты өшірудің тиімді құралына айналды. Осы үдерістің көрінісі ретінде Бейімбет Майлиннің «Аманкелді» драмасын атауға болады. Бұл шығармада патша үкіметіне қарсы күрескен халық батыры Аманкелдінің бейнесі көтерілсе де, сол дәуірдегі ұлттық саяси элита – алаш зиялыларының рөлі мен қызметі әдейі елеусіз қалдырылып, тіпті қараланып көрсетіледі. «Аманкелді» драмасының басты идеологиялық мақсатының бірі – алаш арыстарын қаралау және кеңестік билікке қарсы тұрған ұлттық интеллигенцияның күресін терістеу болғаны айқын аңғарылады. Бұл мақсатты күшейту үшін 1938 жылы түсірілген «Аманкелді» көркем фильмі де қолданылғанын байқаймыз. Кеңес үгіт-насихатының пәрменді құралына айналған бұл фильмде Аманкелді батырдың бейнесі кеңестік қаһарман ретінде биіктетіле көрсетілсе, сол тарихи кезеңде ел үшін қызмет еткен алаш қайраткерлерінің рөлі мүлде назардан тыс қалған немесе жағымсыз сипатта бейнеленген. Осылайша, драма мен фильм бір идеологиялық бағытта, тарихи шындықты бұрмалап, кеңестік билікке қарсы күштерді қаралауға арналған мәдени-насихаттық жобалар ретінде қарастыруға толық негіз бар. Драмалық шығарманың ішіндегі ең өрескел тарихи бұрмалаудың бірі – халық батыры Аманкелді Имановтың өліміне Міржақып Дулатұлын кінәлау фактісі. «Міржақып кенет наған шығарып, Амакелдіні атады...» [7, 514]. Бұл – тарихи шындыққа мүлде жанаспайтын, кеңестік биліктің алаш қайраткерлерін жаппай қаралауға бағытталған идеологиялық тапсырысының көрінісі. Мұндай жалған айыптау арқылы кеңестік әдебиет пен драматургия алаш зиялыларының абыройын түсіріп, оларды халық жауы ретінде қабылдатуды көздеді. Бұл тәсіл кеңестік тарихи сана мен көркем әдебиеттің өзара ықпалдастығын, яғни саясаттың әдеби кеңістікке тікелей ықпал еткенін көрсетеді.

Әрине, бұл шығармадағы саяси бұрмалаулар үшін автор Бейімбет Майлинді тікелей кінәлаудан аулақ болған жөн. Кеңестік кезеңнің идеологиялық қысымы жағдайында жазушылардың шығармашылық еркіндігі шектеулі болды, ал көркем туындылар көбіне биліктің ресми саяси ұстанымдарын насихаттау құралына айналды. Сол себепті, «Аманкелді» драмасында М.Дулатұлының жағымсыз кейіпкер ретінде көрсетілуін Б.Майлиннің жеке ұстанымы емес, тоталитарлық жүйенің мәжбүрлеу саясатының салдары ретінде қабылдау қажет. Бұл жағдай жазушының тарихи шындықты бұрмалауға саналы түрде барғанын білдірмейді, керісінше, оның сол кезеңдегі күрделі саяси ахуалдың құрбаны болғанын көрсетеді. Бейімбеттанушы-ғалым Т.Бейісқұловтың «Б.Майлин творчествосы ешбір заманда ескірмейтін, ешқандай саясаттың ызғарына шалынбайтын мәңгілік құбылыс» [8, 17] деген тұжырымы – жазушы шығармашылығының ұлттық әдебиеттегі өлшеусіз орны мен рухани құндылығын дәл сипаттайды. Сондықтан Б.Майлиннің бай әрі жан-жақты әдеби мұрасын бір ғана «Аманкелді» драмасымен шектеп бағалауға болмайды. Аталған драма кеңестік кезеңнің саяси-идеологиялық қысымы аясында жазылғанымен, Б.Майлиннің жалпы шығармашылық болмысы – қазақ халқының тұрмысын, мінезін, әлеуметтік ортасын, адамгершілік құндылықтарын терең суреттеген өміршең туындылар арқылы айқындалады. Проза, поэзия, драматургия, публицистика салаларындағы еңбектері – жазушының көркемдік әлемін кеңінен танытады. Сол себепті оның мұрасын бағалау тарихи контексті ескере отырып, жан-жақты әрі әділ түрде жүргізілуі тиіс.

Нәтижелер. Кеңес әдебиетінің классигі, жазушы С.Мұқановтың шығармашылық мұрасы – қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасуы мен дамуындағы ерекше кезеңдерді қамтитын, тарихи, әдеби және саяси тұрғыдан құнды құбылыс. Оның көрнекті туындысы – «Өмір мектебі» атты мемуарлық трилогиясы – автордың балалық шағынан бастап, кеңестік қоғамда қаламгер ретінде қалыптасу жолын, елдің саяси-әлеуметтік, рухани ахуалын шынайы әрі көркем тілмен баяндайтын маңызды шығарма. Бұл туынды – Сәбит Мұқановтың өмір жолының ғана емес, сол кезеңдегі тұтас қазақ қоғамының айнасы деуге болады.

Трилогияда С.Мұқанов кеңес дәуірінің алғашқы жылдарындағы қоғамдық өзгерістер, рухани жаңғыру, сауат ашу қозғалысы, кедейлер мен жұмысшылардың жаңа билікке қосылуы, сондай-ақ ұлттық зиялылардың жаңа заманға деген көзқарасы, олардың саяси, мәдени қызметі туралы кеңінен сөз етеді. Бұл шығарманың құндылығы – автордың тек көркем баяндауымен емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси оқиғаларға өзінің куәгерлік және қатысушылық көзқарасын нақты әрі шынайы беруінде.

Сонымен қатар, С.Мұқанов Алаш қозғалысы мен оның жетекшілері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды тұлғалардың қоғамдық-саяси, әдеби және мәдени қызметіне де арнайы тоқталады. Ол бұл қайраткерлердің қазақ халқының өркендеуі жолындағы еңбегін толықтай жоққа шығармайды. Қайта, кеңестік идеологияның шеңберінен аспай отырып, олардың ұлт мүддесі жолындағы күресін белгілі бір деңгейде бағалай біледі. Бұл – сол заман шындығына сәйкес келген, бірақ бүгінгі тарихи сана үшін күрделі әрі қосмағыналы тұстардың бірі.

Алайда шығарманың идеологиялық негізі кеңестік жүйемен тығыз байланысты болғандықтан, Алашқозғалысынажәнеоныңөкілдерінеқатысты С.Мұқановтыңкейтұстары сын көзбен сипатталады. Ол Алаш зиялыларын кеңестік билікпен ымырасыз, кертартпа күш ретінде көрсетіп, олардың кейбір әрекеттерін байшыл-ұлтшыл бағытта бағалайды. Бұл жерде кеңестік партиялық саясаттың әдебиет пен мәдениетке сіңірген ықпалы айқын сезіледі. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлына қатысты жағымды көзқарас танытса да, Әлихан Бөкейханға келгенде, оның саяси ұстанымын кеңестік тұрғыдан терістеуге тырысады. Бұл – жазушының ішкі қайшылығы мен заман талабына икемделуінің көрінісі.

Кеңестік цензура мен идеологияның әдебиетке типізген ықпалы туралы сөз болғанда, Мағжан Жұмабайұлы есімімен байланысты эпизод ерекше назар аударады. «Өмір мектебі» кітабында С.Мұқанов 1920–1930 жылдардағы саяси репрессия, жазушыларға қатысты сенімсіздік, партиялық тазалау және қоғамдық айыптаулар жайлы баяндай отырып, Мағжанның қуғындалу сәтін нақты мысалмен келтіреді: «Жыйналыста саяси қырағылықты күшейту, үгіт-насихат жұмысын күшейту арқылы бірнеше тармақпен алынған қаулыда, екі тармақ менің есімде осы күнге дейін берік сақталды: бірі – ұлтшыл-байшылдыққа көркем әдебиетте де жол бермеу, ондай әрекет жасағысы келгендерді мейірімсіз әшкерелеу, қазір мұндай қылығы айқын дәлелденген Жұмабаевты қызметтен қуу...» [9, 161].

Бұл үзінді тек Мағжанның емес, жалпы сол дәуірдегі ұлттық интеллигенцияға қарсы жүргізілген идеологиялық қысым мен саяси бақылаудың шынайы бейнесі ретінде әдебиет тарихында маңызды орын алады. С.Мұқанов бұл эпизодты бейнелеу арқылы тек партиялық қаулыны жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оның орындалуына қатысушы ретінде де көрінеді. Бұл, әрине, қазіргі заман тұрғысынан қарағанда – жазушының күрделі моральдық таңдауы мен тарихи жауапкершілігін айғақтайды. Осы орайда әдебиеттанушы Қ.Ергөбектің пікірін еске алған орынды: «Әріден айтқанда «Алаш» ұлттық партиясын, оның мүшесі болған аяулы азаматтарды теріс қырынан көрсетуі, кезеңнің келте саясатына беріліңкіріп, кейбір құбылысты теріс типтендіруімен келіспейміз, кешіріммен де қарауға болмайды» [10, 175]. Бұл тұжырым қазіргі әдебиеттану ғылымындағы әділетті пайымдардың бірі. Яғни, Сәбит Мұқанов кеңестік жүйе шеңберінде өмір сүріп, соның талабына сай жазғанымен, Алаш қайраткерлерінің тарихи рөлін толықтай жоққа шығармаған. Бірақ партиялық ұстанымның күшті жазушыны кей тұстарда шындықтан іркілтіп, белгілі бір тұлғаларға теріс сипат беруге мәжбүр еткені байқалады.

Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» – кеңестік кезеңнің рухани, саяси, мәдени өмірін сипаттайтын құнды тарихи-көркем құжат. Ол жазушының өмір жолы арқылы тұтас ұлттың тағдыры мен әдебиетінің бағытын айқындап, сол дәуірдің күрделі сипатын ашып береді. Алаш қайраткерлеріне деген қатынасы – осы күрделі дәуірлік тартыстың көрінісі. Шығармада кеңестік биліктің идеологиялық қысымы мен ұлттық зиялылардың тағдыры қатар өріліп, тарихи шындық пен субъективті көзқарас қақтығысады. Сол себепті «Өмір мектебін» тек идеологиялық шығарма ретінде емес, кең мағынадағы тарихи, әдеби, әлеуметтік-психологиялық туынды ретінде қарастыру – әділетті әрі бүгінгі күннің талабына сай көзқарас болмақ.

Қорытынды. Қорыта келгенде, кеңестік кезеңде дүниеге келген С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы, Б.Майлиннің «Аманкелді» драмасы және С.Мұқановтың «Өмір мектебі» биографиялық трилогиясы өз дәуірінің қоғамдық-саяси сұранысына жауап берген, социалистік идеология талаптарымен тығыз байланыста жазылған шығармалар екені анық. Бұл туындылар кеңестік оқырман санасында жаңа тарихи шындықты орнықтыруға, кеңес өкіметінің легитимациясына және «жаңа адам» бейнесін қалыптастыруға қызмет етті. Сондықтан да олар өз заманы үшін өзекті әрі ықпалды болды.

Сонымен қатар, тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық сана мен тарихи танымның өзгеруі аталған шығармаларға жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. «Кеңес дәуірінде Алаш қаламгерлерінің шығармашылығы мен қызметі ұзақ уақыт бойы идеологиялық шектеулерге ұшырады. Бұл олардың еңбектерінің маңызы туралы объективті ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бермеді» [11, 188]. Бүгінгі әдебиеттану ғылымы бұл туындыларды біржақты идеологиялық өнім ретінде ғана емес, сол дәуірдегі авторлық позиция, көркемдік шешім, тарихи фактілерді іріктеу мен интерпретациялау ерекшеліктері тұрғысынан кешенді түрде қайта зерделеуге міндетті. Осы тұрғыдан алғанда, кеңестік кезең әдебиетін тәуелсіздік идеясы аясында қайта пайымдау – ұлттық әдебиет тарихын жаңғыртудың, тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің және әдеби мұраны қазіргі заман талаптарына сай ғылыми айналымға түсірудің маңызды тетігі болып табылады.

Осылайша, аталған шығармаларды қазіргі оқырман санасына сай қайта бағалау тек әдеби үдерістің эволюциясын айқындап қана қоймай, қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік даму заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 456 б.
2. Қаратаев М. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1965. – 410 б.
3. Кәкішев Т. Қазақ зиялылары. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 416 б.
4. Shamshadinkyzy A. Pedagogical approaches to literature: exploring ideological movements in higher education through the Alash idea // Eurasian Science Review An International Peer-Reviewed Multidisciplinary Journal. – 2023. – №2(1). – Б. 3-15. DOI: <https://doi.org/10.63034/esr-35>
5. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. – Алматы: Жазушы, 1977. – 392 б.
6. Сейфуллин С. Көптомдық шығармалар жинағы. 13-том. Естеліктер, мақалалар, құжаттар. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 384 б.
7. Майлин Б. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 520 б.
8. Бейісқұлов Т. Менің пірім – Бейімбет Майлин. Экскурс жазбалар, түйінді толғамдар. – Алматы: Тоғанай Т, 2018. – 272 б.
9. Мұқанов С. Өмір мектебі. 2-кітап. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиеті, 1953. – 374 б.
10. Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. 6-кітап. – Түркістан: Тұран, 2006. – 366 б.
11. Тоқтар Г. Тәуелсіздік идеясы Алаш қаламгерлерінің басым бағыты // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2025. – №3. – Б. 187-197. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.16>

Г.Д. ГАЗИЗОВ, К.Р. КЕМЕНГЕР

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ ДЕЯТЕЛЕЙ АЛАШ В ЛИТЕРАТУРЕ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА (ПО ПРОИЗВЕДЕНИЯМ С. СЕЙФУЛЛИНА, Б. МАЙЛИНА, С. МУКАНОВА)

Аннотация. В данной статье осуществляется переосмысление творчества видных представителей казахской литературы советского периода — С. Сейфуллина, Б. Майлина и С. Муканова — с позиций современного литературоведения. Основным объектом исследования является художественная интерпретация и идейно-эстетические особенности образов деятелей движения «Алаш», представленных в произведениях указанных авторов. Выявляется, что образы представителей «Алаша» в произведениях, созданных в условиях господства советской идеологии, формировались в прямой зависимости от политических требований эпохи и цензурных ограничений. В советскую эпоху литература служила идеологическим инструментом общества. Поэтому образы деятелей движения «Алаш» — Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынулы, Миржакыпа Дулатулы, Магжана Жумабаева — формировались в зависимости от советских политических установок и цензурных ограничений. При создании образов алашординцев авторы чаще руководствовались не исторической правдой, а партийной позицией. В результате внутренняя психология персонажей, их борьба за национальные интересы, просветительская деятельность раскрывались недостаточно глубоко, а их действия интерпретировались с точки зрения советской идеологии. В некоторых произведениях запрещалось прямо упоминать имена исторических личностей, их прототипические образы передавались в завуалированной форме. Это было следствием цензурного давления. В отдельных случаях авторы пытались донести историческую правду посредством намёков, символов и аллегорий.

В статье всесторонне анализируются художественные методы и приёмы изображения исторических личностей, принципы создания образов, а также противоречия между идеологической установкой и художественной правдой в авторских произведениях. В ходе исследования применяются текстологический, сравнительно-типологический и историко-литературный методы, направленные на переосмысление односторонних оценок, закрепившихся в советский период.

Ключевые слова: деятели движения «Алаш», национальная идея, социалистический реализм, историческая правда, художественный образ, классовая борьба.

G.D. GAZIZOV, Q.R. KEMENGGER

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE ARTISTIC REPRESENTATION OF ALASH FIGURES IN SOVIET-ERA LITERATURE (BASED ON THE WORKS OF S. SEIFULLIN, B. MAILIN, AND S. MUKANOV)

Annotation. This article reconsiders the works of prominent representatives of Kazakh literature of the Soviet period — S. Seifullin, B. Mailin, and S. Mukanov — from the perspective of contemporary literary studies. The main object of research is the artistic interpretation and the ideological and aesthetic features of the images of the figures of the “Alash” movement as represented in the works of the aforementioned authors. It is revealed that the images of the “Alash” figures in works created under the dominance of Soviet ideology were shaped directly by the political demands of the era and censorship restrictions. During the Soviet era, literature served as an ideological instrument of society. Therefore, the images of the leaders of the Alash movement — Alikhan Bukeikhan, Akhmet Baitursynuly, Mirzhakyp Dulatuly and Magzhan Zhumabayev — were shaped in accordance with Soviet political directives and censorship restrictions. In portraying Alash figures, authors were often guided not by historical truth but by the party line. As a result, the inner psychology of these

characters, their struggle for national interests, and their educational and cultural activities were not explored in sufficient depth; instead, their actions were interpreted through the lens of Soviet ideology. In some works, it was forbidden to mention the names of historical figures directly, and their images were presented indirectly through prototypical representations. This was a consequence of censorship pressure. In certain cases, authors attempted to convey historical truth through hints, symbols, and allegory.

The article provides a comprehensive analysis of the artistic methods and techniques used to depict historical personalities, the principles of character creation, as well as the contradictions between ideological directives and artistic truth in the authors' works. The study employs textual, comparative-typological, and historical-literary methods aimed at reinterpreting the one-sided assessments established during the Soviet period.

Keywords: figures of the Alash movement, national idea, socialist realism, historical truth, artistic image, class struggle.

References

1. Qirabaev S. Köp tomдық syğarmalar jinaғы. 1-tom. – Almaty: Qazyğürt, 2007. – 456 b.
2. Qarataev M. Sosialistik realizmniñ qazaq prozasında qalyptasuy. – Almaty: Čylym, 1965. – 410 b.
3. Käkışev T. Qazaq zialylary. – Almaty: Qazyğürt, 2011. – 416 b.
4. Shamshadinkyzy A. Pedagogical approaches to literature: exploring ideological movements in higher education through the Alash idea // Eurasian Science Review An International Peer-Reviewed Multidisciplinary Journal. – 2023. – №2(1). – B. 3-15. DOI: <https://doi.org/10.63034/esr-35>
5. Seifullin S. Tar jol, taıǵaq keşu. Tarihi-memuarlyq roman. – Almaty: Jazuşy, 1977. – 392 b.
6. Seifullin S. Köptomdyq syğarmalar jinaғы. 13-tom. Estelikter, maqalalar, qūjattar. – Almaty: Qazyğürt, 2013. – 384 b.
7. Mailin B. Köptomdyq syğarmalar jinaғы. 4-tom. – Almaty: Qazyğürt, 2004. – 520 b.
8. Beisqūlov T. Meniñ pırım – Beimbet Mailin. Ekskurs jazbalar, tüiindı tolǵamdar. – Almaty: Toǵanai T, 2018. – 272 b.
9. Mūqanov S. Ōmir mektebi. 2-kıtap. – Almaty: Qazaqtyñ memlekettik körkem әdebieti, 1953. – 374 b.
10. Ergöbek Q. Arystar men aǵystar. 6-kıtap. – Türkıstan: Tūran, 2006. – 366 b.
11. Toqtar G. Täuelsızdıq ideiasy Alaş qalamgerleriniñ basym baǵyty // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2025. – №3. – B. 187-197. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.16>

Авторлар туралы мәлімет:

Газизов Гибрат Дулатович – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Газизов Гибрат Дулатович – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Gibrat Dulatovich Gazizov – doctoral student at L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Кемеңгер Қайырбек Ризабекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Кемеңгер Қайырбек Ризабекұлы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Kemengger Kaiyrbek Rizabekuly – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.